



АЛТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№15 (77) 11 сәуір 2025 жыл

«Ауыл» партиясына - 25 жыл



Бағдарлы мақсат – ауылды жаңғырту

Өткен жұмада облыс орталығы Қонаев қаласында «Ауыл» партиясының 25 жылдық мерейтойына арналған облыстық саяси кеңестің кеңейтілген отырысы болып өтті. Жиынға аудандық филиал төрағалары, партия ардагерлері мен облыс пен қала, аудан мәслихаттарының депутаттары, ауыл шаруашылығы саласының мамандары, партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің, жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Басқосуды облыстық филиал төрағасы Қанат Бекеев ашып, партияның өңірдегі жетістіктеріне тоқталды.

- Ширек ғасырда «Ауыл» партиясы елдің сеніміне ие болды. Біз-ауыл тағдырын жүрекпен сезінетін, нағыз ауыл адамдарының партиясымыз. Біз мәселелерді анықтап қана қоймай, сонымен қатар оларды еңсеру үшін шешімдерді әзірлей алдық. Ауыл шаруашылығы тақырыбын елдің саяси және экономикалық контекстінде басты орынға айналдырдық. Біз «Ауыл» партиясы Қазақстанның саяси өміріндегі маңызды күшке айналып, жермен жұмыс істеп, еңбек етіп жүргендерге қолдау көрсетіп келе жатқанын мақтан тұтамыз. Ауыл жастарының мүмкіндігін арттыру, ауыл өнімдерін қолдау, еңбек адамының мәртебесін көтеру бағытында аянбай еңбек береміз, - деді ол.



Алғашқы сөз кезегін алған облыстық өңірлік партия филиалы «Жастар қанатының» төрағасы Мұхаммед Хамит ширек ғасырда атқарылған жұмыстар мен жетістіктер жайлы сөз қозғады.

– Партия құрылған күннен бастап еліміздегі жетекші саяси партияның біріне айналды. 2023 жылы өткен Парламент Мәжілісінің сайлауында партиялық тізім бойынша екінші орынды иеленіп, 8 депутат мандатқа ие болды. Партия төрағасы Серік Егізбаев Мәжілістің Аграрлық мәселелер жөніндегі комитетін басқаруда. Былтыр партия съезінде қабылданған «Гүлденсе ауыл, гүлденеді еліміз» атты жаңа саяси бағдарлама ауылдың дамуын тұрақты қамтамасыз ету, халықтың өмір сүру сапасын арттыру, ауыл шаруашылығы саласын қолдау мен мәдени дәстүрлерді сақтауды көздейді. Біздің мақсатымыз экономикалық тұрақтылық, әлеуметтік теңдік және білім беру мен оқыту атты 3 қағидаға негізделген. Жастар – өзгерістердің қозғаушы күші. Біз жастардың ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бастамаларын әрдайым қолдаймыз. Осы мақсатта жастарға білім беру бағдарламалары жасалуда, - деді ол.

Баяндамашының айтуынша, облыстық филиал тарапынан 25 бастауыш ұйым құрылып, партия қатарына 6 мың адам қабылданып, 5 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылған. «Батамен ел көгерер», «Ауыл нақыштары», «Аграрлы Қазақстан», «Ауыл-ел бесігі» және басқа жобалар жүзеге асырылуда. Филиал жанынан құрылған «Мейірім құшағы» және «Мүгедектігі бар адамдардың құқығын қорғау» комиссиялары психологиялық тренингтер өткізіп, халықтың осал тобына көмек көрсетуде. Партия атынан 3 облыстық және 11 аудандық мәслихат депутаты сайланған.

Қонаев қалалық филиалының төрағасы Базарбай Оралбаев саяси ұйымның өсіп-өркендеуіне өз уақытында өлшеусіз үлес қосып, өткен мен бүгіннің арасында алтын көпір болған қазіргі ардагерлердің үлгі-өнегесі кейінгі буынға бағдар болатынын айта келе, жастарға сенім артатынын жеткізді. Келесі кезекте облыстық мәслихаттың бас инспекторы Айдын Қалқаұлы партияның 25 жылдық мерейтойымен құттықтап, филиал ұжымына мәслихат төрағасының Құрмет грамотасын табыс етті. Сонымен бірге «Ақ жол» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Сергей Горяной, «AMANAT» партиясының өкілі Илияс Ғалымжанұлы, «Әділдік және өркендеу» қоғамдық қорының облыстағы өкілдігінің жетекшісі Мадияр Қожахметов, облыстық «Жастар» ресурстық орталығының директоры Мақсат Кенешев ел игілігі жолында бірлесе жұмыс істеп, ортақ мүдде үшін ынтымақтастық орнатуға дайын екендіктерін білдіріп, «Ауыл» партиясының облыстық филиалы ұжымына сый-сияпаттарын табыстады. Сондай-ақ партия ардагері, Қонаев қаласының Құрметті азаматы Тұрысбек Доспанбетовке 70 жасқа толуына байланысты партия филиалы ұжымының сыйлығы табыс етілді.

Партия атынан сайланған облыстық мәслихат депутаты Жанат Алтынғадасұлы қазақ пен ауылдың егіз ұғым екенін, партияның ауыл жұртшылығының мұң-мұқтажын билікке жеткізіп жүргенін және ата жолымен жүріп келе жатқанын, филиалдардың отырысында кез келген тұрғынның ұсыныс-пікірін білдіре алатын ерекшелігін атап өтті. Сонымен қатар аудандық филиал төрағалары ауылдың дамуы, халықтың әл-ауқаты мен аграрлық саланың өркендеуі үшін атқарылған істерді саралап, үгіт-насихат және тағы басқа партия ішілік жұмыстар жайына тоқталды.

Келелі жиынды қорытындылаған Қанат Бекеев «Ширек ғасырда партия ауыл мұратын саясатқа айналдырды. Енді сол мұраттарды іске асыру – бүгінгі буынның мойнында. Біз ауылды дамыту жолында жұмыла еңбек етуіміз керек», - деп әңгімесін сабақтай келе, партияның ауылдың дамуына, фермерлердің, ауыл кәсіпкерлерінің және жастардың әлеуетін арттыруға бағытталған басамаларды қолдап келе жатқанын, бүгінгі отырыста айтылған ұсыныс-пікірлердің болашақты бағдарлауға септігі тиетінін жеткізді.

Кеңес отырысында ауылды жаңғырту, жас мамандарды ауылға тарту, агросалада инновацияны дамыту сынды өзекті мәселелер талқыланып, ұсыныстар берілді.

Зарыкқан
ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
Қонаев қаласы.

Апта жаңалықтары

ЮНЕСКО деңгейінде Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы аталып өтуде

Қазақтың ұлы композиторы, дирижер және Қазақстанның халық әртісі Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған мерейтойлық шаралар Алматы облысында салтанатты түрде басталды. Биылғы мерейтой ЮНЕСКО деңгейінде өтуде.



Мерейтой аясында 1 сәуірде Жамбыл ауылында алғашқы іс-шаралар ұйымдастырылды. Қонақтарды аудан әкімі Нұрлан Ертас бастаған жергілікті билік өкілдері құрметпен қарсы алды. Іс-шара Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейінде жалғасты. Музейде ақынның ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, рухына Құран бағышталды. Тағзым рәсіміне Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, ауданның Құрметті азаматы Серік Еркінбайұлы мен облыстың бас имамы Мадияр Пірімқұлов қатысты.

Сонымен қатар, Нұрғиса Тілендиевтің ескерткішіне гүл қою рәсімі өтті. Алматы облысының әкімі мен өңірдің Құрметті азаматы Әбдіманап Абаев композитордың қазақ музыкасына қосқан үлесін атап өтті. Мерекелік шаралар Ұзынағаш ауылында жалғасты. Аудандық Мәдениет үйінде өткен салтанатты жиынға облыс басшылығы, мәдениет және өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен жергілікті тұрғындар қатысты.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев құттықтау сөзінде мерейтойдың қазақ мәдениеті үшін маңыздылығын атап өтті.

“Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы – ұлы композитордың шығармашылығын ұлықтап, кейінгі ұрпаққа насихаттау жолындағы үлкен қадам. Бұл мерейтой ЮНЕСКО деңгейінде өтуде және оның аясында халықаралық, республикалық іс-шаралар ұйымдастырылады. Халқымыздың жүрегінде мәңгілік қалған ұлы тұлғаның есімі мен еңбегі келер ұрпаққа үлгі болып, қазақ өнері өркендей берсін!” – деді өңір басшысы.

Концерттік бағдарлама барысында Нұрғиса Тілендиевтің мәңгілік шығармалары орындалды.

Ұлы тұлғаның 100 жылдығына арналған мәдени шаралар жыл бойы еліміздің түкпір-түкпірінде жалғасын табады.

Өз тілшіміз.

Жұмыс жәрмеңкесі

Қонаев қаласы ардагерлерінің қатысуымен көпсалалы колледжінде “Ке-руен» жобасы аясында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті.

500-ге жуық өзекті бос жұмыс орындары ұсынылды. Жұмыс берушілермен тікелей кездесулер өтті. Наурыз жұмыскер жобасында колледж студенттері өз мандықтарын жақсы игеріп, қолдарымен жасаған бұйымдарын көрсетті. Жиын соңы концерттік шарамен аяқталды.

Таза Қазақстан

Тазаланған жер ластанбасын

Қонаев қаласында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында кезекті сенбілік жалғасын тапты. Тазалық іс-шарасына 87 мекемеден 1650 адам қатысып, 15 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 27 тонна қоқыс шығарылып, қаланың бірнеше аумағы толықтай ретке келтірілді.



Бұл күні әлеуметтік, әкімшілік, кәсіпкерлік нысандардың айналасы, «Шошқалы сай» арнасы тазартылып, ағаштардың діңі әктелді. Сонымен қатар стихиялық қоқыс орындарындағы тұрмыстық қатты қалдықтар жойылып, 2 саябаққа тазалық жұмыстары жүргізілді.

«Таза Қазақстан» тек тазалық емес, тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыратын, әр азаматтың қоршаған ортаға деген қамқорлығы мен елге деген жанашырлығы болып табылатындықтан игі бастамадан Қонаев қаласының ардагерлері де шет қалмай келеді. Сенбілікке ардагерлерді бастап шыққан Қонаев қалалық Ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев «Біздің мақсатымыз - табиғатты таза ұстау және болашақ ұрпаққа мұра ету. Экологияның тазалығы мен қоршаған ортаны күтіп ұстау – әрбір азаматтың негізгі борышына айналуы тиіс. Осы орайда, әр сенбілік сайын қала ардагерлері белсенділік танытып, барлық іс-шараларға ұйымшылдықпен қатысып келеді», - деді бізбен әңгімесінде.

Акцияға қатысушылар қала тұрғындарына қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы туралы ақпарат беріп, тазалық мәдениетін қалыптастыру жөнінде түсініктеме жұмыстарын қатар жүргізіп келеді. Алайда қалада тазалық ережесін бұзушылар әлі де азаймай тұр. Мысалы, наурыз айының соңғы аптасында Қонаев қалалық полиция бөлімі ҚР ӘҚБтК-нің 434-2-бабына (Ортақ пайдаланылатын орындарды ластау) сәйкес, 24 хаттама толтырып, 943 680 теңгеден астам сомаға айыппұл салды.

Одан бөлек, ҚР ӘҚБтК-нің 505-бабына (Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру) сай, 67 хаттама толтырылып, 235 920 теңге айыппұл салынды. Барлық айыппұл сомасы 1 179 600 млн.теңгені құрады.

«Жасыл қала Қонаев» ұйымы басшысының орынбасары Асхат Сарсембекұлы тек тазалықты сақтауға ғана емес, қоғамда қоршаған ортаға деген жауапкершілікті қалыптастыруға адамдардың түсіністігі мен шын жанашырлығы қажет екендігін тілге тиек еткен еді. Қаланың тазалығы мен сәулулығын сақтау әрқайсымыздың борышымыз десек, бұл іске бей-жай қарамай, өз үлесімізді қосқанда ғана шаһар ажары шырайлана түседі.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.

Қонаев қаласына - 55 жыл!

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ ҚАЛАЙ САЛЫНДЫ?

Осыдан 55 жыл бұрын тек аңызғақ жел ескен, қызыл құм суырған құладүз далада Қапшағай атты жас қаланың бой көтеруі ел үшін үлкен жаңалық болды. Содан бергі жарты ғасыр ішінде келбетіне сәні, салтанатына мәні үйлескен Дінмұхамед Қонаевтың атауын иеленген қала талай ұлт пен ұрпақтың өкілін құшағына алып, жылдармен бірге есейгендігіне уақыттың өзі куә.

Бүгінгі таңда қалаға миллиардтаған инвестиция тартылып, әлеуметтік-экономикалық ахуалы жақсара түсуде. Ең бастысы, дағдарыстан жаңару мен дамуға бет алған мемлекеттік саясат пен экономикалық тиімді жобалардың негізінде халыққа қызмет көрсететін жаңа әлеуметтік нысандардың қатары көбейіп келеді. Осындайда «Қапшағай ГЭС-і мен Қонаев қаласы қалай салынды?» деген заңды сауал алдымыздан шығары анық. Оның жауабын табу үшін өткен ғасырдың екінші жартысына шегініс жасап, саяхаттап қайтуды жөн көрдік.

Кешегі Қапшағай – бүгінгі Қонаев қаласы Дінмұхамед Қонаевтың бастамасымен өмірге келген шаһар. Алматы қаласының дамып, халық санының күрт өскеніне байланысты осы қанаттас қала туралы әңгіме қозғалған күннен бастап екіұдай пікір қатар жүрген кезде «Алматы-жыл сайын дамып бара жатқан еліміздің үлкен астанасы. Баршаға ұнайды десек те, бірақ айналасын тау қоршаған жан-жағы қысылып-қымтырылып тұр. Қала ескен сайын өнеркәсіптің де өркен жаятыны- заңдылық. Сондықтан бұл ауаның табиғи алмасуына қиындық әкеледі. Алматыға енді бір қанаттас қала салу өзінен өзі сұранып тұр. Болашақ өндіріс орындарын қаладан мүмкіндігінше шеткері маңға салсақ, ал Алматыны таза мәдениет пен ғылымның, әкімшіліктің орталығы ретінде қалыптастырсақ, бұдан ұтылмаймыз», -деп көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өз пікірін білдіріп, алғашқы ұйымдастыру жұмыстарын бастаған екен.

Фибратты ғұмыр

Артына айтарлықтай із қалдырған


Өмірінде өлшеніп берілген ғұмырында елі мен жері үшін ерекше еңбек сіңірген, алдыңғы буын саналатын аталар мен апалардың табан ет, маңдай терлері ешқашан да халықтың есінен шықпайды. Ал, осыдан 80 жыл бұрынғы қан майданда кеудесін оққа тосып, Жеңісті жетелдеткен майдангерлердің алар орны тіптен бөлек. Біздің мына әңгімеміз қарғыс атқыр, қанды балақ соғыстың кейіпкері, ержүрек жауынгер болған Бексұлтан Жабаев жайында болмақ.

Абыройлы өмір сүруді артына қалдырған ол 1924 жылы Батыс Қазақстан облысының, Қаратөбе өңіріндегі қыстаулардың бірінде кәдімгі жертөледе дүниеге келіпті. Бала кезінен тұрмыстың адам төзбес ауырпашылығын тартқан ол қатарынан қалмай жеті жылдық мектепті үздіктер тобында бітіріп алады. Әрине, бұған оның алғырлығы мен зеректігінің ұшан-теңіз пайдасы тиген екен. Бексұлтан ат жалын тартып мінер азаматтық шаққа жеткенде сол уақыттағы «сауатсыздықпен күрес» науқанына бел шеше араласады. Ол 17 жасында Отанымызға опасыз жаудың тұтқиылдан шабуыл жасағанынан хабардар болады. Ауылдық Кеңестің төңірегіне жиналған халықтың осынау қаралы хабарды естігеннен кейінгі кейіптері тіптен қорқынышты әрі аянышты болатын. Аупаратқомның, әскери комиссариаттың, ішкі істер органының арнайы өткізген жиналысынан кейін соғыстың қалай басталғанының мән-жайына толық қанық болады.

Бексұлтан осы ба қосудан кейін өзінің үзеңгілес құрдастарымен бірге ұйымшылдық үрдісі бойынша тылдағы шаруашылық жұмыстарына білек сы-

Мұндай мәселені шешу ол кезде Мәскеудегі орталықпен тығыз байланысты болатын. Демек, ендігі кезекте жоғарғы жаққа хат жазып, ұсыныс-сұраныстың мәнісін толықтай дәлелдеп шығу да оңай шаруа емес-тұғын. Ал, Д.Қонаев болса КСРО Компартиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы Леонид Ильич Брежневпен, басқа да негізгі басшылармен және Мемлекеттік жоспарлау комитетімен де жақсы қарым-қатынаста болатын. Мұны сол кездегі еліміздің өркендеген өңірлерінде салынған әсем құрылыстары мен басқа да әлеуметтік нысандарының аз болмағанымен дәлелдесек, ешкім дауласа алмайды. Алматыдағы зауыт - фабрикалардың көбейіп, таңертең қалың түтіннен көрінбейтін қаланың экологиялық проблемасын шешу үшін де Қапшағай мәселесі аса қажет еді.


Қоғам қайраткері Ізбасар Балтағұлов Дінмұхамед Ахметұлының сол кездегі КСРО Ғылым академиясының академигі, осы академияның вице-президенті және Новосібір қаласындағы Сібір бөлімшесінің төрағасы, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтың екі мәрте лауре-



аты, Социалистік Еңбек Ері, көрнекті физик әрі механика маманы Михаил Алексеевич Лаврентьевті таңдағандықтан Қапшағайдың тағдыры оңтайлы шешіліп, айы оңынан туды дейді өз естелігінде.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, ірі ұйымдастырушы әрі халқын шексіз сүйіп, теңдессіз қызмет еткен азамат ретінде танылып, ел экономикасының сан қырлы мәселелерін шешуде мәмілегерлігімен де айналасын шүбәсіз мойындатқан Дінмұхамед Қонаев саясаткерлігінен бұл жолы да жаңылмады. Осылайша, Қапшағайдың етегіндегі Іле бөгеліп, оған бірнеше тау өзендері қосылды. Жасампаз жандардың қолынан жаңа бір шалқар айдын көл пайда болды. Қапшағай Іле өзенінің шатқалына орналасқан су-электр станциясының өзен арнасы тар, жартасты шатқалға салынуы сәулетшілер мен ғалымдардың ұзақ жылғы тынбай ізденген қажырлы еңбектерін танытты.

«...Болашақ қаланы қандай жерге орналастыру жайлы түскен жеті түрлі ұсыныс болған. Солардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып баяндап шықтым. Ұзаққа созылған жиналыстың қорытындысын Димекен өзі шығарды, -деп еске алады сол кездегі Іле аудандық партия ко-



митетінің бірінші хатшысы Қазтай Ұлтаракөв.

- Мынау Қапшағай деген азғантай жер, көлемі үлкен емес. Айналасы құнарсыз сусылдаған қызыл құм екені рас. Бірақ осындай жерде үлкен жұмыс жүріп жатыр ғой. Егер де замана деңгейімен өлшем жаса-сақ, істеліп жатқан істер ХХІ ғасырдың үлесіне тиетін жай бар емес пе? Бірінші - экономикалық өзегі және қозғаушы күші болып есептелетін электр стансасы салынып жатыр. Екінші - Қазақстанның батысы мен шығысын байланыстыратын екі ірі жол қатынасы магистралын салып жатыр. Оның біреуі-темір жол өтетін көпір, екіншісі-автомашина жүретін жол мен көпір. Үшіншісі - Іле өзені бөгеліп, су қоймасы жасалып жатыр. Ең негізгісі оңтүстіктегі ірі шөл даланың ортасында орналасқан су молшылығы ірі жер байлығын игеруге мүмкіншілік туады. Егер де солай болса, осы кешеннің ортасына неге қала салмаймыз?

Үйіміздің іргесінде сарқыраған су ағып жатса, шаңырағымыздан жарқырап электр жарығы түсіп тұрса, табалдырықты аттап шыға салғанда темір жол вагонына отыра кетсең, біздің өмірімізге негізгі қажеттіліктер осы емес пе?!

...Өмір талабынан қалыспас үшін

Алматы қаласындағы ірі өндіріс орындары көбеймек. Міне, осы айтылған жаңадан қосылатын өндіріс орындарын Алматыға салмай, осы жаңа қаланың үлесіне береміз деген ойымыз бар. Соған қосымша Алматыда орналасып, жұмыс істеп тұрған кейбір өндірістерді осы жаңа қалаға аудару мақсаты жоспарымызда тұр. Бұл ойлар - іске асатын ақиқат шындық.

Екіншіден, осы көлді халықтың демалыс орнына айналдыруымыз керек қой. Алматының көк түтініне тұншығып жатқан халқы көлдің жағасында бойларын жазып, сергітін мүмкіндіктер жасалынады.

Бітірген жұмыстарымыздың ішіндегі маңыздысы жаңадан қаланың орны белгіленді, қаланың аты Қапшағай болып аталды», -деп Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қаланың жарқын болашағы жайындағы өзінің арман-мақсаттары жөнінде әңгіме жібін сабақтаған екен. Қазақтың ұлы тұлғасы, мемлекет басшысының асқақ арманынан туған арман қала осыдан 55 жыл бұрын шаңырақ көтерді. Қапшағай ГЭС-і салынғанда Қапшағай қаласы елдің маңызды нысаны және республикада экономикалық - стратегиялық мәні бар құнды жобалардың қатарын құрады әрі бірегейі екенін дәлелдеді.

Иә, 55 жыл бұрын бүгінгі Қонаев қаласы осылайша басталған. «Бұрынғыны айтпайынша, қазіргінің қадірін білмейсің» деген сөз бар. Кешегі келбет тарихы, бүгінгі көрікті келбетімен келешекке жарқын жол салған Қонаев қаласының өткен тарихына шегініс жасамай, көз жүгіртпей бүгінгімізді мүлдем көз алдымызға елесте алмаймыз.

(Жалғасы газетіміздің келесі санында).

Зарыкқан
ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

пәнін де жан-жақты білетіндігімен елді аузына қаратады.

Өмірінің соңына дейін ұстаздық ұлағатынан 40 жыл ажырамаған Бекеннің артына қалдырған ғибраты мен өнегелі өмір жолы артында қалған жас ұрпақ үшін үлгі аларлық үрдісі бар үлкен мектеп екенін айта кеткен абзал. Пешенесіне жазған жазудан адам баласы құтыла алмайды ғой. Бексұлтан Жабаев 2014 жылы 91 жасында дүниеден өтіп, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын көре алмай кеткен екен. Ол осы мерекені көрсем деп қатты армандапты. Егер тірі болса, абыройлы ақсақал, қадірменді қария бүгінгі күні 101 жасқа келіп, Ұлы Жеңістің 80 жылдығын көріп, төбесі көкке жетіп жатар еді. «Өттең, тонның келтесі-ай...» дегендей, бұл мерейлі мерекені ол кісінің маңдайына жазбапты. Бейбіт күннің берекесін тасытқандардың қатарында Бексұлтан Жабаев та бар ғой. Осының өзі мәні бөлек мәртебе емес пе?!

Қазақта ежелден айтылып келе жатқан «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген тәмісiл сөз бар. Осы бiр қастерлi де қасиеттi сөз марқұм Бексұлтан Жабаевқа да қарап айтылған сияқты. Олай болатын жөнi де бар. Ол кісiнi ауылдастары көзi тiрi кезiнде жапырақ жайған алып бөйтерекке тегiн теңемептi. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген шымырлап айтылған шындыққа сенбеске әбдiнiз қалмайды. Оның өмiрлiк қосағы Айғаным екеуiнен тараған ұрпақтар тiзбегi қолдағы он саусақтан асып жығылады. Ал, немерелерi, шөберелерi, неменелерiне келер болсақ та кереметтей сүйiспеншiлiкке бөлeнeciз. Ерлi-зайыпты екеуi-жарық дүниеде жақсы өмiр сүрген адамдар. Өнеге жолдары өрге жүзген адамдар.

Өмірінде артына айтарлықтай із қалдырған жайсаң жанның таза-лықтан тамыр алған әруағы мен рухына да халық құрметпен қарайды...

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қазақ журналистикасының қайраткері.
Қарасай ауданы.

Ұлы Жеңіске-80 жыл!

Халық қаһарманы Бақтыөраз БЕЙСЕКБАЕВ

Екінші дүниежүзілік соғыста

Қазақстаннан шыққан тұңғыш батыр

Фашистік Германия тұтқиылдан Кеңес одағына шабуыл жасаған төртінші күні, яғни 1941 жылы 26 маусымда әуе шайқасында 21 жасында теңдессіз ерлікпен қаза тапқан «Қазақстанның Халық қаһарманы» Бақтыөраз Бейсекбаевтың есімі бүгінгі таңда бүкіл елімізге аңызға айналғаны белгілі. Ол Балқаш ауданының қазіргі Жиделі ауылында дүниеге келген. Батырдың есімін мәңгі есте қалдыру үшін осыдан 27 жыл бұрын бірқатар онды іс-шаралар жүзеге асырылып, туған жері Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылындағы орта мектепке есімі беріліп, ескерткіші орнатылған болатын.

Халық батыры Бауыржан Момышұлының: «Соғыс туралы шындықты тіпті мына біздер, соғысқа қатысушылар да, оны түбегейлі, ұңғыл-шұңғылына дейін біле бермейміз. Соғыс хақындағы шындықты табу өте қиын, ал оны жинақтау, қорыту одан да күрделі. Соғыс туралы ақиқатқа жету - өте үлкен мәселе» деген екен. Алапат соғыстың соңғы ақиқаты ешқашан болмайды деушілер де бар. Талассыз рас сөз. Бірақ та уақыт көші алдыға озып, тарихтағы ақтандақтардың парағы ашылған сайын оған қарсы айтатын уәж де табыла түседі.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Бақтыөраз Бейсекбаевтың көрсеткен ерлігі жайында Кеңес одағы билігінің осыдан 84 жыл бұрын жіберген өрескел қателігін басқаша көзқараспен қарап, оған түзету енгізу қажеттігі күн тәртібіне өзі-ақ сұранып тұрғаны аңғарылады. Оған себеп пен салдар да жоқ емес. Жарты ғасыр көмбеде түрлі себептің салдарынан ұмыт қалып қойған Бақтыөраз Бейсекбаевтың халықтың ортасына батыр болып қайта оралуы,1996 жылғы 2 мамыр күні Ресей Федерациясының президенті Борис Ельциннің Жарлығымен 1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыстағы неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін капитан Александр Масловқа, лейтенант Владимир Балашовқа, кіші сержант Бахтурас Бейсекбаевқа және кіші сержант Григорий Реутовқа «Ресей Федерациясының батыры» атағы берілуінен бастау алған болатын-ды.

Арада екі жыл салып, 1998 жылы 7 мамыр күні Бахтурас Бейсекбаев болып бұрмаланып келген Бақтыөраз Бейсекбаевқа Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Жарлығымен «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Бұл-соғыс тарихы жылнамасында сан жылдар көмескі тартып бара жатқан ащы шындықтың архив қойнауындағы құпия парағының ашылуына жол ашты.

Қозғап отырған тақырыптың астары оқырман қауымға түсінірек болуы үшін осыдан 84 жыл бұрынғы Беларусь жерінде болған әуе шайқасындағы оқиғаға қайтадан бір оралып, шегініс жасауымызға тура келеді. Екінші дүниежүзілік соғыс тарихында «Капитан Николай Гастелло экипажының ерлігі» деген даңқ пен дақпытқа толы дерек кеңестік кеңістіктегі коммунистік идеологияда барынша насихатталып, «отқа оранып бара жатқан экипаж жаудың танк колоннасының үстіне шүйлігіп, құлдилай құлады» деп, Отан үшін жанпида ерлік жасағаны басқаларға үлгі болып кеңінен тарады. Ақиқаты сол, осынау өшпес ерлікті 1941 жылы 26 маусым күні, яғни соғыстың төртінші күні, капитан Н.Гастеллоның экипажы жасады деп айтылды және ерлік соған телінді. 1941 жылы27 шілдеде КСРО Жоғарғы Президиумының Жарлығымен Ни-

колай Гастелло №1- ші «Кеңес Одағының Батыры» атағымен марапатталды.

Кейін белгілі болғандай, оқиға шындығы мүлдем басқа бағытта бұрмаланғаны анықтала бастады.1941 жылдың маусым айының 26-сында Смоленск қаласының маңындағы Боровское аэродромынан алыстан бомбалаушы 42-ші әуе дивизиясының 207-ші полкінің алғашқы күнгі айқастан кейін аман қалған ұшақ командирлеріне Минск қаласынан батысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан Радомкович поселкесі маңайынан үздіксіз алға жылжыған неміс әскерлерін тоқтату мақсатымен бомба тиеген үш ұшақ капитан Н.Гастелло, капитан А. Маслов, аға лейтенант Ф.Воробьев басқарған экипаждар жорыққа шығады. Мұның соңғысы тапсырманы орындап, аэродромға аман-есен қайта оралады. Қалған екі әуе кемесіне неміс зенит-касының оғы тиіп, біреуінің түтіні будақтап, жанған күйі белгісіз бағытқа ұзап, көзден ғайып болады. Ал екіншісі, от-жалынға оранғанына қарамастан, немістер шоғырланған аймаққа бет бұрып, танк колоннасының үстіне құлайды. Бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген ерлік осылайша тарихқа енеді.

Әуе шайқасын көрген басқа ұшақтағы экипаж мүшелері танктердің үстіне құлаған экипаж Николай Гастеллоныкі деп топшылайды. Аға лейтенант Воробьев пен лейтенант Рыбастың сырттай болжауымен, А.Масловтың экипажы «хабар-ошарсыз» кеткендердің тізімінде елеусіз қалып, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен деген Н.Гастеллоның атағы бірден шартарапқа тарап кетеді.

— Атақ-даңқы аңызға айналған ұшқыш Гастелло-әскери қылмыскер. Ол сол ұрыста парашютпен секіріп кеткен. РСФСР Қылмыстық кодексінің 262-бабында бұл «апатқа ұшыраған әскери корабльді тастап кету» деп аталады. Ол ұшқыш болғандықтан әуелі парашютпен экипажды түсіріп, сосын барып өзі секіруі тиіс болатын, - дейді ресми ақпарат жоққа шығарып, осы оқиғаның қалай болғанын анықтаумен шұғылданған Москва түбіндегі Коломнада тұратын авиацияның отставкадағы майоры Эдуард Харитонов.

«Ресей Қорғаныс министрлігінің мұрағатында 42-авиадивизияның 22.06 мен 28.06.1941 жылы аралығында біржола жоғалған басшы және қатардағы жеке құрамның тізімінде капитан Н. Гастеллоның өзі және экипаж мүшелері А.Бурденюк, Г.Скоробогатый мен А.Калинин бар», - деп хабарлайды ол.- Ал «ескертпе» деген бағанада «отқа оранған самолеттегі экипаждың біреуі парашютпен секіріп түсті, бірақ кім екені белгісіз» деп көрсетілген.

1951 жылы капитан Николай Гастелло ерлігінің 10 жылдығына орай оған ескерткіш орнатып, сүйегін село орталығындағы саябаққа қайта жерлеу кезінде қабір ішіндегі планшет-

тен басқа ұшқыш-капитан Александр Масловтың құжаты, жеке заттары мен оның экипажына тиесілі медальондары табылған. Маслов экипажының атқыш-радисті, аға сержант Г.Реутовтың құжаттары салынған жеке футляр да бұзылмай қаз-қалпында сақталған екен.

Футлярдағы құжатта көрсетілген И.Реутовтың 1918 жылы Чкалов облысындағы Кулагино деревнясында туғаны, 42-ші әуе дивизиясының 207-ші полкінің атқыш-радисті қызметінде болғаны және Кеңес Армиясының есепке тіркеу мәліметі бойынша: «1941 жылғы 26 маусымда хабар-ошарсыз кеткені» толық анықталады. Осы дерек басқа да ақиқаттың бетін ашты: бұл экипажда онымен бірге капитан Александр Маслов, лейтенант Владимир Балашов және кіші сержант Бейсекбаев Бахтурас бір сапта болып, 1941 жылы 26 маусымда ДБ-3Ф бомбалаушы ұшағымен әскери тапсырманы орындаудан полкқа қайта оралмаған».

Н.Гастелло мен оның қандыкөйлек жолдастарының жерленді деген қабір ішінен олардың ешқайсысы табылмады. Көздерімен көрген жергілікті басшы қызметкерлер шындықты айтып, ресми орындарға қатынас қағаз жазғанда, олар Жоғарғы Кеңестің Жарлығын бұзуға болмайтынын ескермей қалса керек. СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Қорғаныс министрлігіндегілер бұл шындықты білсе де, Кеңес өкіметінің тастай қатқан идеологиясына зақым келмеу үшін «жабулы қазанды жабулы» күйінде қалдырды.

Александр Маслов экипажының ерлігін жаңғыртып, мойындау жолындағы азапты күреске прокуратура тергеушісі Василий Харитонов өзінің 30 жыл ғұмырын арнады. Ескерусіз қалған ерлікті елге таныту азаматтық парызым деп санаған ол бұл істі Жуковский атындағы әскери академияны тәмамдаған ұлы Эдуардқа аяғына шейін жеткізуді тапсырады. Әскери майор шенді инженер Эдуард Харитонов сәтін салғанда, КСРО Жоғарғы Кеңесіне қызметке тұрып, өмір бойы армандап кеткен әке ісін лайықты түрде тиянақты зерттей жүріп, ақиқатына жеткізеді. Нәтижесі Ресей Федерациясының президенті Б.Ельциннің А.Масловтың экипажына «Ресей Федерациясының Батыры» атағының берілуімен қорытындыланғаны бұрынға мәлім.

Қазақстанда Бақтыөраз Бейсекбаевқа қатысты шындықтың ашылуына өлшеусіз үлес қосқан азаматтар ретінде осы оқиғаны Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа жеткізген Парламент Мәжілісінің депутаты, белгілі қаламгер Арғынбай Бекбосынов 1997 жылы 30 қаңтарда «Егеменді Қазақстан» газетіне «Ресей батыры Бахтурас Бейсекбаев» атты мақала жазып, батырдың туған жері мен оның өміріне қатысты көптеген деректерді іздестіруге бастамашы болды. Батырдың туған жері мен оның өміріне қатысты көптеген деректерді іздестіруге сол кездегі Қазақстанның Ресейдегі Төтенше және Өкілетті елшісі Тайыр Мансұровтың еңбегін ерекше айта кеткен жөн. Ресей мен Қазақстанға ортақ қаһарманның туған жерін анықтап, табу жөнінде «Атамұра» корпорациясының пре-



зиденті Мұхтар Құлмұхамед арнаулы экспедиция ұйымдастырса, «Егемен Қазақстан» газетінің жауапты қызметкері Мейрамбек Төлепберген талмай іздену арқасында барлық шындықтың бетін ашып, батыр өмірін зерттеп, «Қаһарман Бақтыөраз» атты деректі хикаятта кітап жазды.

«1951 жылы Н.Гастеллоны қайта жерлеу кезінде-ақ белгілі болған осынау ақиқатты КСРО тұсында зерттеуге, әділеттілікті орнатуға мүмкіншілік болмады. Шынында, өлімге бас тігіп, өшпес ерлік жасаған Николай Гастелло емес, капитан Александр Маслов еді. Ал онымен бірге қаза тапқан экипаж құрамы мыналар- штурман лейтенант Владимир Балашов, кіші сержант атқыш-радист Григорий Реутов және кіші сержант әуе атқышы Бақтыөраз Бейсекбаев», -деп жазады ресейлік зерттеуші В.Чуприн. Сөйтіп, сұрапыл соғыстың төртінші күні, 1941 жылдың 26 маусымында ерлікпен қаза тапқан, кейін ақиқаты белгілі болған соң Ресей Батыры, еліміздің «Халық Қаһарманы» атағына ие болған Бақтыөраз Бейсекбаев туралы ақиқат нақтылығымен халыққа жетті.

ТҮЙІН: Жоғарыдағы келтірілген деректер Екінші дүниежүзілік соғыс тарихында Қазақстаннан шыққан алғашқы №1 батыр Бақтыөраз Бейсекбаев деп батыл айтуға толық негіз бола алады. Соғыс батырларының қатарында Кеңестік жүйенің шовинистік сұркия саясатының кесірінен ерлігі мұндаға дейін дұрыс бағаланбай, Рейхстағқа алғаш рет ұлы жеңістің жалауын желбіреткен батыр - Рақымжан Қошқарбаевтың ересен ерлігін кемсітіп, тек өзінің ғана жетістігін насихаттап үйренген Кеңестік өркөкірек өзімшіл жүйе мойындағысы келмегенімен, өткенге баға беретін уақыт өзінің бәрін өз орнына қойып берді.

Қазақстан Ұлттық Бірыңғай Тест сұрақтарының ішінде, «Рейхстағқа ең бірінші туды кім тіккен?» деген сұрақтың дұрыс жауабы «Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов» делінсе, ал ресейлік сынақ сұрақтарында мүлде бөлек жауап беріледі. Онда ол «Михаил Егоров пен Мелитон Кантария» деп көрсетіледі. Халық қаһарманы Бақтыөраз Бейсекбаевтың ерлігі ендігі кезекте соғыс тарихында өзінің әділ бағасын алып, айна-қатесіз жазылуы керек. Соғыс хақындағы шындық сонда ғана өтіріктен арылады.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
Қонаев қаласы.

Тыл ардагері

Дәкен апай туралы айтсақ...

Ұлы Отан соғысында алақандай Ақтам ауылындағы 50 – 60 үйден 101 азамат соғысқа аттанған екен. Кейбір үйден 3 азаматтан соғысқа кеткен. Сол соғыста 52 азамат қаза тапқан. Қалған 49 азамат ауылға аман –есен оралып, колхоздың түрлі салаларында жұмыстарды істеп жүріп, өмірден өткен.

Ер азаматтардың түгелдей дерлігі майданға аттанғаннан соң барлық тіршілік әйелдерге қалғаны анық. Темір тұлпар тізгініне әйелдер отырып, жер жырту, егін егу, оны ба-



стыру, мал азығын дайындау, мал бағу міне, осы жұмыстардың барлығына аналар бас көз болған. Тылдағы еңбек еткен аналардың еңбегі зор болды. Таңның атғысы күннің батысы әйелдер қажымай, талмай егіс алқаптарында жұмыс жасаған. Атап айтқанда, тыл ардагерлерінен Сопеева Икимхан, Мусалимова Ғунша, Қашағанова Жамиля, Малдыбаева Дәкен, Дуганова Итахан, Норузова Бузайна, Мәмәттуллаева Мәриям, Илиева Илимхан, Идякова Шәрәпәт, тағы да басқа аналардың еңбегі зор.

Бүгінгі сөзге арқау еткелі отырған тыл ардагері Молдабаева Дәкен апай 1905 жылы Нарынқол ауданы, Нарынқол селосында дүниеге келген. Отбасы құруы-

на байланысты Ақтам ауылына келген. Күйеуі Малдыбаев Нұғыман 1941 жылы соғыста қаза тапқан. Малдыбаева Дәкен апай егіс алқаптарында істеген. Техникаларды жанар жағар маймен, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету мақсатында күніне Ақтам ауылынан 25 шақырым жерде орналасқан МТС-тан жағармай тасумен айналысқан. Бұл апамыз таң бозарып атқаннан түн жарымына дейін жолсыз өгіз арбаменен жанармай тасыған. Дәкен апамыз бұл жұмыстарды соғыс аяқталғанға дейін атқарып, кейін колхоздың түрлі жұмыстарын істеп жүріп 1995 жылы өмірден өтті. Дәкен апаның баласы Нұғыманов Дәмен де соғысқа қатысып,

1950 жылы елге оралып, колхозда ферма меңгерушісі, егіс алқабының бригадирі, есепшісі болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққаннан кейін 2003 жылы қайтыс болған.

Дәкен апа 5 немере сүйген. Қызы Нұғыманова Сара Ақтам орта мектебінде 40 жылдан астам ұстаздық етіп, бүгінгі күні зейнеткер болса, ұлы Дәулет Ақтам ауылдық округінде бас маман болып, ауыл шаруашылық саласын басқарады. Өз ісінің майталманы. Елге сыйлы азамат.

Бекет ӘЖІБАЙҰЛЫ,
Ақтам ауылдық округі
Ардагерлер кеңесінің
төрағасы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жапек батыр ауылының байырғы тұрғыны, еңбек ардагері ақсақалдар кеңесінің мүшесі, көне көз қариямыз Бекшебаев Шәміл Мұхтарұлы бүгінде мерейлі 85 жасқа толып отыр. Өзінің еңбек жолын 1958 жылы бұрынғы Алматы жүзім совхозында (кейінгі М.Түймебаев) автокөлік жүргізушісі болып бастаған. Ұзақ жылғы адал тыңғылықты еңбегінің арқасында бірнеше мәрте социалистік жарыстың жеңімпазы атанған. 1970 жылы “Қажырлы еңбегі үшін” медальмен марапатталса, 1972 жылы “Құрмет белгісі” орденінің иегері атанды. Шәміл ағамыз кезінде ауылымыздың гүлденіп, өркендеп өсуіне үлкен үлес қосты, ал бүгінгі таңда сүйікті немере шөберелерінің ақылшысы болып отырған бақытты қария.

Біздің тілегіміз: Шәміл аға мерейлі 85 жасыңыз құтты болсын. Деніңіз сау, отбасыңыз аман, өмір жасыңыз ұзақ, баянеды бролсын.

Ізгі тілекпен
Исаев Әмзе Әлдибекұлы.
Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы
Алматы облысының құрметті азаматы.

Дәулетбай Жамалбеков,
Ащыбұлақ ауылдық округі
“Ардагерлер ұйымының” төрағасы
Іле ауданы.

Өнегелі өмір

Мен соғысты жек көрем

Соғыс... Қандай қатыгез сөз. Бар болғаны бес әріптен құралған. Ал мағынасы жан түршіктірер. Шыны керек, осы бар болғаны бес әріп миллиондаған адамның жанын қиды. Осы соғыста ешкімнің сағы сынбады, жігері жасылмады. Олардың бойындағы отаншылдық сезімі, қолына қару алып сапта тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі жеңісті жақындата түсті.

Сұркия соғыс біздің Қазақстанда да өзінің қайғылы күндерін тастап кетті. Жүз мындаған отандастарымыз соғыстың алғашқы сәтінде – ақ майданға аттанды. Аға, әкелері майданға аттанғанда тылда апаларымыз бен балалар «Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен еңбек етті. Солардың бірі – 90 жасқа келіп, бала – шаға қызығын көріп отырған әже – Мусаева Зина Бахаудунқызы. Зина әжеміз соғыс басталған кезде алты жаста еді. Сұм соғыстың бала кезінде қандай қайғы салғанын Зина Бахаудунқызы күрсіне отырып әңгімелеп берді. Анасынан үш жасында айрылып, нағашы жұртта жүрген Зина әже көп қиындық көріпті. Өз сөзінде «мен соғысты жек көрем» деген пікірді алға тартты. Соғыс кезіндегі барлық ойды, пікірді ақиық акын Мұқағали Мақатаевтың мына өлеңімен түйіндеді:

Соғыстың соңғы көктемі,
Көп болды нұрын төккелі.
Қуанта, бірақ, алмады,
Сонау бір үйді шеттегі.
Соғыстың соңғы көктемі.
Қаншама әке – ағалары соғыстан қай-

тпай қалғанын бір уақыт есіне алып, үнсіз отырып қалды. Түске дейін сабақ оқып, түстен кейін масақ теріп, жеңісті жақындатқан бойжеткен Зина мектепті өте жақсы бітіріп, Жаркенттегі педучилищені бітіреді. Өзінің туған жерінде, Ақсу ауылындағы мектепте бастауыш сынып оқушыларына сапалы білім, саналы тәрбие берді. Шешесі үш жасында қайтыс болып, нағашы апасының тәрбиесінде болған, соғыстың қиын кездерін, тағдыр тауқыметін көп көрген әжеміз 90 жасқа келіп отыр. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Зина әжеміз немере мен шөбере ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Жақында бір аста бірге болдық. Өте сабырлы, байсалды. Әр сөзі мірдің оғындай. Биылғы Ұлы Жеңістің мерекесін тың ардагерлері ретінде қарсы алатынын мақтанышпен тілге тиек етті. Қазақстанда тұрып жатқан халыққа бейбіт заман тіледі. Биыл Асамблеяның 30 жылдығы болып жатқанын, ұлттар достығы, қазақ пен ұйғыр ағайындардарының достығын айтып, ақ батасын берді. Соғысты жек көретінін, енді соғыстың



болмауын әжеміз тәңірден сұрап батасын берді.

90-ға келсе де тобықтай түйін жасап отырған, өзінің ақыл – ойы керемет әжемен сұхбаттасу не деген ғанибет!

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының
Құрметті азаматы.



Білгенге маржан

«Атқа жеңіл құдаша» тіркесінің алуан астары

«Атқа жеңіл құдаша» деген сөз тіркесі жай ғана қалжың ба, әлде халық жадындағы терең мағынасы бар астарлы бейне ме?

Осынау бір ғана тіркестің айналасынан қазақтың сөз өнері, салт-санасы мен әзіл мәдениетінің өрімі ашылады десем, келісесіз бе? «Атқа жеңіл құдаша» дегенде, көз алдыңызға кім елестейді? Тойдағы шымшым қалжың ба, жоқ әлде алып қашуға оңай олжа ма?

Қазақ тілі мұндай тіркестерге әжептәуір «жүк» артып қойған десем, қалай қарайсыз? Бір тіркес – мың қатпар. «Атқа жеңіл құдаша» деген сөз тіркесінің аясына қаншама күлкі, емеурін, салт пен сын, тіпті тағдыр сыйып кетуі мүмкін. Қазақтың әзілге құрылған терең философиясына бойлап көрейік десем, көнесіз бе?

«Құдаша» дегенде әзіл ме, күрсініс пе? «Атқа жеңіл» дегенде – жеңіл мінез бе, әлде ауыр астар ма? Қазақтың бір ғана қалжың тіркесінде қандай мағына жатыр?

Атқа жеңіл құдаша:
Бейнелі сөздің заманауи қырлары
Қазақ тілі – бейнелі тіркестер мен астарлы сөздерге бай, әр сөзімен тұтас бір өмір философиясын меңзейтін терең дүние. Солардың бірі – «атқа жеңіл құдаша» тіркесі. Бұл сөз тіркесі бұрыннан әдеби тілде де, ауызекі сөйлеу мәдениетінде де қолданыста бар. Алайда уақыт өте келе бұл сөздің астарлы мағынасы өзгеріп, кейде жағымды сипатта, кейде сын сипатында жұмсалып жүр.

«Атқа жеңіл құдаша»:
Дәстүр мен әзілдің диалогы
Құдаша – қазақтың салт-дәстүріндегі ерекше рөл иесі. Қалыңдықтың жеңгелері

мен сіңілілері құдалықта, той-томалақта ерекше құрметпен қабылданған. Олардың сөзге шешен, әзілге ұтқыр болуы – міндет. Сол себепті «атқа жеңіл құдаша» деген тіркес ең алдымен қимылы шапшаң, елпілдеп тұрған, әрі әзілді көтере білетін, кез келген жерде ортаға салып жеңіл «сілкілеп» алуға болатын адамға қарата айтылады. Бұл тіркесте де бір жағынан сүйкімділік, екінші жағынан әзілмен тұспалдау қатар жүреді.

Мысалы, ауыл арасындағы бір жиын-тойда белсенді, сөзі мен күлкісі жарасып жүрген келіншекті үлкендер: «Ой, мынауың атқа жеңіл құдаша екен ғой!» – деп, еркелете мысқылдап қояды. Бұл жерде мін емес, керісінше, әлеуметтік белсенділікке құрмет бар.

«Алып қашу» дәстүрі және тарихи астар
Тіркестің ежелгі мағынасында тойға келген құдашаны атқа мінгізіп, алып қашу дәстүрі де жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Бұл сол дәуірдің заңына сай әрекет болған. Қыз келісім бермесе де, босаға аттаған соң, көбіне қалып қоятын болған. Мұндай құдашаның «атқа жеңіл» аталуы алып қашуға оңай, артық қарсылық білдіре қоймайтын, көнбіс мінезді дегенді меңзейді.

Сондықтан да бұрындары құдашаның айналасында ауылдың намысты жігіттері, аға-інілері жүрген. Бұл бір жағынан қызды қорғау, екінші жағынан ру мен ауыл намысын сақтау ниетінен туындайтын әрекет. Ай мен күннің аманында бойжеткен қыздан айырылып қалу – ауыл үшін үлкен намыс, алып қашқандар тарапынан көрсетілген басынғандық, ал ауыл азаматтары үшін сүйекке таңба саналатын. Алып қашқан қыздың артынан қуа барғандардың кәдімгідей ашуға басатыны да сондықтан.

«Атқа жеңіл құдаша»: Заманауи реңк
Бүгінгі таңда бұл тіркес тікелей мінезді

емес, қоғамдағы шешім қабылдауда жеңіл-тексті танытатын жағдайларды сипаттау үшін де қолданылып жүр. Мысалы:

«Балаларға арналған газет-журналдардың редакцияларын Алматыдан Астанаға көшіру атқа жеңіл құдаша болып тұр ғой».

Бұл мысалда «атқа жеңіл құдаша» құндылықпен, тұрақтылықпен, редакция жұмыстарының әлеуметтік жағдайымен санаспай, жеңіл-желпі шешім қабылдау деген сын сипатында айтылған. Бұл сөз тіркесінің контекстке сай құбылып, жаңа мағына алғанын көрсетеді.

Қазақтың бейнелі сөз тіркестері – құр сөз емес, әлеуметтік код. Ол арқылы қарым-қатынас, бағалау, ескерту, тіпті тыйым да жеткізіледі. Мысалы:

«Атқа жеңіл, тайға шап» деген сөз тіркесі белгілі бір топтың әлеуметтік мүмкіндігі мен жеке қалауына немқұрайдылық танытып, ойланбай шешім қабылдаған лауазым иесіне қарата бағытталатын астарлы тийім деуге де болады.

Қазақтың әрбір сөз тіркесі – әлеуметтік рөл мен қарым-қатынас мәдениетінің айнасы.

«Атқа жеңіл құдаша» деген сөз тіркесіне қазіргі көзқараспен қарасақ, оның астарынан тарих, әзіл, әлеуметтік рөл және сын көзқарас қатар көрінеді.

Тілдегі бейнелі тіркестердің жаңа заман талабына сай жаңаша интерпретациясы — қазақ тілінің даму жолындағы көркемдік жалғастығының кепілі.

Осы бағытта зерттеу жүргізу, сөз мағынасына терең бойлау бүгінгі жас ұрпаққа ұлттық болмысты түсіндірудің тиімді жолы болмақ.

Сіз бұл тіркесті қалай түсінесіз? Пікір қалдырыңыз.

Гүлмәрия БАРМАНБЕКОВА

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Елді мекендерді санитарлық тазарту

Қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау шараларының ішінде елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар өте маңызды. Елді мекенді абаттандыру – елді мекен аумағындағы адамдардың өмір тіршілігіне қолайлы, салауатты және ыңғайлы жағдай жасауға бағытталған элементтер мен жұмыстар кешені.

Қалдықтар тұрмыстық, тағамдық, биологиялық, химиялық, улы, отқа қауіпті, өздігінен жанатын, тотықтырғыш, радиоактивті болып бөлінеді. Қала үшін ең көп таралған тұрмыстық қалдықтар – адам өмірінен пайда болатын қалдықтар. Оларға материалдар, жиһаз заттары, құралдар – бастапқы қасиеттерін жоғалтқан барлық заттар жатады. Қалдықтардың едәуір бөлігі тамақ қалдықтарынан тұрады – бұл адам тұтынатын тағамның қалдықтары. Осыған байланысты елді мекендерді санитарлық тазалаудың маңыздылығы айтарлықтай артып келеді. Санитарлық тазалаудың өзектілігі бұл халықтың санитарлық – эпидемиологиялық әл-ауқатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ол қоғамдық және жеке денсаулықты, барлық аудандар мен шағын аудандарда, соның ішінде саябақтарда, скверлерде және су айдындарында жаппай демалу орындарында онтайлы өмір сүру жағдайларын жоғары деңгейде ұстауға ықпал етеді.

Елді мекендерді санитарлық тазарту – бұл халықтың денсаулығын сақтау мақсатында қоқыстарды жинау, жою, залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі жоспарлы, ұйымдастырушылық, санитарлық, санитарлық-техникалық және шаруашылық іс-шаралар кешені. Елді мекендердің санитарлық және эпидемиологиялық жағдайы көбінесе тазалауды ұйымдастырудың дұрыстығына байланысты.

Жалпы пайдаланылатын орындарды тазарту мен күту жұмыстары мына жұмыс түрлерін енгізеді:

- 1) ұсақ және тұрмыстық қоқыстар мен қалдықтарды жинау мен шығару;
- 2) ірі көлемді қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;
- 3) сыпыру, жазғы мерзімде су құю және жуу;
- 4) қамыстар мен басқа жабайы өскен өсімдіктерді шабу және шығару;
- 5) қоршаулар мен шағын сәулет нысандарын жөндеу және сырлау;
- 6) қысқы мерзімде жол жүру бөлігін механикалық жинау;
- 7) механикалық жинау кезінде қарды арту және шетке шығару;
- 8) қарлы үйінділерді күтіп ұстау.

Сондықтан, біздің қаламыз таза және әдемі болуы үшін әркім табиғатқа және туған қалаға деген көзқарасын өзгерте отырып, өзінен бастауы керек!

Н. МЕДЕТОВ ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»